


ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ
МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



***Көпжасар
Нәрібайұлы
НӘРІБАЕВ***



Handwritten signature

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ БИОБИБЛИОГРАФИЯСЫНА МАТЕРИАЛДАР

Көпжасар
Нәрібайұлы
НӘРІБАЕВ



АЛМАТЫ 1998

Жауапты редактор:

экономика ғылымдарының докторы,
профессор *Жатқанбаев Е.Б.*

Редколлегия мүшелері:

Әубәкіров Я.Ә. экономика ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Сармурзина А.Г. химия ғылымдарының докторы, профессор;

Жұманбаев С.К. экономика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Дәдебаев Ж.Д. - филология ғылымдарының докторы, профессор

Құрастырушылар:

Әбілхаирова Е.Д., Рафикова Л.Г.

Ағылшын тіліне аударған:

Мәкішева М.К., Сүлейменова Г.С.


Көпжасар Нәрібайұлы Нәрібаев. Библиографиялық көрсеткіш/Құраст. Е.Д.Әбілхаирова, Л.Г.Рафикова Алматы: Қазақ университеті, 1998. 120 бет.

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
имени АЛЬ-ФАРАБИ

НАУЧНЫЕ БИБЛИОТЕКА

МАТЕРИАЛЫ К БИБЛИОГРАФИИ УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА

Купжасар
Нарибаевич
НАРИБАЕВ



АЛМАТЫ 1998

Ответственный редактор:

доктор экономических наук,
профессор *Е.Б.Жатқанбаев*

Члены редколлегии:

Аубакиров Я.Ә. доктор экономических наук,
профессор, академик НАН РК;

Сармурзина А.Г. доктор химических наук, профессор;

Джуманбаев С.К. кандидат экономических наук, доцент;

Дәдебаев Ж.Д. доктор филологических наук, профессор

Составители:

Абулкаирова Е.Д., Рафикова Л.Г.

Перевод на английский язык:


Макишева М.К., Сулейменова Г.С.

Нарибаев Купжасар Нарипбаевич. Библиографический указатель/Сост. Е.Д.Абулкаирова, Л.Г.Рафикова - Алматы: Казак университеті, 1998. 120 с.

AL-FARABI KAZAKH STATE NATIONAL UNIVERSITY
THE SCIENTIFIC LIBRARY

BIBLIOGRAPHY OF SCIENTISTS OF KAZAKHSTAN

NARIBAEV
Kupzhasar
Naribayevich



Almaty 1998

Editor-in-chief:

E.B.Zhattkanbayev Doctor of Economics, Professor

Editors

Ya.A. Aubakirov Doctor of Economics, Professor
Academician of the Academy of Sciences
Republic of Kazakhstan

A.G.Sarmurzina - Doctor of Chemistry, Professor

S.K. Dzhumanbayev - Candidate of Science, Dotsent

Zh. D. Dadebayev Doctor of Philology, Professor

Translation into English:

M.K. Makisheva, G.S. Suleimenova

Compilers:

E.Dz.Abulkayrova, L.G.Rafykova

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған көрсеткіш әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті ғалымдарының биобиблиографиясы сериясының жалғасы болып табылады.

Көрсеткіш әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дың ректоры, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті, экономика ғылымдарының докторы, профессор К.Н. Нәрібаевқа арналған.

Биобиблиографияда жинақталған материалдар профессор К.Н.Нәрібаевтың 35 жылдық еңбек және ғылыми қызметі жолын қамтиды. Жарияланған еңбектер әрбір жыл көлемінде мерзімдік тәртіппен орналасқан. Әуелі қазақша, одан кейін орыс және ағылшын тілдерінде басылып шыққан еңбектері алфавит тәртібімен орналастырылды.

Биобиблиография ғалымдар мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттерге, әсіресе нарықтық экономикамен айналысушы мамандар үшін пайдалы бола алады.

Қарауға мүмкіншілік болмаған мақалалар *de visu* жұлдызшамен белгіленген.

Оқырмандар пайдалануына ыңғайлы болу үшін авторлардың аты жөні және әліпбелік көрсеткіші қосымша беріліп отыр.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Предлагаемый указатель является продолжением серии биобиблиографий ученых Казахского государственного национального университета им. аль-Фараби.

Биобиблиография посвящена ректору КазГУ им. аль-Фараби, члену - корреспонденту Национальной Академии наук Республики Казахстан, доктору экономических наук, профессору Нарыбаеву К.Н.

Материал, помещенный в биобиблиографии, отражает более, чем 35 летнюю трудовую и научную деятельность профессора Нарыбаева К.Н. Публикации расположены в хронологическом порядке в пределах каждого года по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском языке, затем на русском и английском.

Биобиблиография будет полезна ученым, преподавателям вузов, студентам, особенно специалистам, интересующимся вопросами рыночной экономики.

Статьи, которые не удалось просмотреть *de visu*, отмечены звездочкой.

Для удобства пользования читателями в конце даны вспомогательные указатели: алфавитный трудов и именной соавторов, список принятых сокращений названий источников.

PREFACE

The offered index is a series continuation of biobibliographies of scientists of Al-Farabi Kazakh State National University.

The biobibliography is dedicated to the Rector of Al-Farabi Kazakh State National University, Corresponding Member of Academy of Sciences of RK, Doctor of Economics, Professor Naribayev Kupzhasar Naribayevich.

The material of the biobibliography reflects more than thirty five year working and scientific activity of Professor K.N. Naribayev.

The publications are arranged in chronological order, within the every year in alphabetical order. First the publications in Kazakh language, then the publications in Russian and English languages.

The biobibliography will be useful for scientists, university teachers, students, especially for specialists interested in issues of market economics.

The articles one failed to look over, are marked off by asterisk.

For handy use there are the subsidiary indexes: the alphabetical index of publications and index nominal index of co-authors, the list of accepted abbreviations of original sources' names.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік
ұлттық университетінің ректоры, Қазақстан
Республикасы Ұлттық ғылым Академиясының
мүше-корреспонденті, экономика
ғылымдарының докторы, профессор
КӨПЖАСАР НӘРІБАЙҰЛЫ НӘРІБАЕВТЫҢ
ғылыми, педагогикалық, ғылыми-
ұйымдастырушылық және қоғамдық қызметі
туралы қысқаша очерк**

Көне Тараз маңындағы қазақ аулдарының бірінде іңкәр дүниеге іңгәлап сәби келді. Бұл жанұядағы алғашқы қуаныш қарлығашы болмағанмен, ұлдың тұнғышы еді... Шанырақты шаттыққа бөлеп, шашуға кенелткен, сағынтып сарғайта күттірген сәбиіне ата - анасы дені сау, ғұмыры ұзақ болсын деген ізгі ниетпен Көпжасар деп ат қояды.

Бұл Жамбыл облысының Жамбыл ауданына қарасты Бектөбе аулында тұратын Нәрібай әке мен Бүбүкүл ананың шанырағында 1938 жылдың 3 маусымында болған болмысы бөлек шапағат шілдеханасы еді.

Көпжасардың балалық шағы Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарына сай келді. Ауыл жағдайы ауыр еді. Көздерін жас, көңілдерін сағыныш мендеген асыл аналар күн - түн демей еңбек етті, майданға азық - түлік жөнелте жүріп, балаларын да өсіріп тәрбиеледі. Кейініректе жазушы Шыңғыс Айтматов өз повесінде жазған соғыс жылдарының қатал көріністерін кішкентай бала өз көзімен көріп өсті. Сол жылдарда өздері аш құрсақ болып жүріп Украина, Белоруссия, Кавказ, Ресейден көшіп келген жандарға бір тілім нанын бөліп берген өз халқының

қайырымды да жомарт болмысын Көпжасар бала кезінен-ақ терең сезінген еді.

Туған халқының тума қасиеті оның жүрегіне жылылықтың, адалдық пен азаматтықтың, кішілік пен кісіліктің сәулесін күйды. Ана сүтімен сүйегіне сіңген мөддірлік пен мейірімділік, сабырлылық пен сергектік Көпжасардың ғұмыр бойғы кісілік тұрғысына, табиғи болмыс бітіміне, қасиетіне айналды.

Балалық шағы Ұлы Отан соғысының соңғы жылдарына, мектеп жылдары соғыстан соңғы шаруашылықты қалпына келтіру науқаны қызу жүргізіліп, қоғамда тәртіп күшейген жылдарға тап келді. Көпжасар Нәрібаев 1952 жылы Жамбыл обласы Жамбыл ауданының Қызыл Шарық ауылындағы жеті жылдық мектепті, 1955 жылы Жамбыл қаласындағы (қазіргі Тараз) орта мектепті тәмамдады.

Мұнан соң 17 жасар жас талап С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Бұл Сталиндік қатал талаптың тарап, елдің ішкі қоғамдық - саяси өміріне сәуле түсіп енген, адамның жеке басына азаттық орнаған күншуақ кезең еді. Алыс ауылдан келген ұяң жастың ұғымы ұлғайып, бірте - бірте болмысы байып, ой өрісі, таным - түйсігі тереңдей түседі. 1960 жылы К.Нәрібаев экономика факультетін бітіріп, “экономист” деген мамандық алып шығады.

Үздік оқу, ғылыми - зерттеу жұмысына бейімділік, қоғамдық өмірге белсене араласу университет түлегінің болашақ бағдарын белгілегендей еді ... Соның да себебі болар, ол ҚазМУ ды бітірісімен 1960 жылдың қыркүйегінде университеттің халық шаруашылығын жоспарлау және есептеу кафедрасының ұйғарым ұсынысымен Москва қаржы (финанс) институтының аспирантурасына түседі.

Алпысыншы жылдардың басы. К. Нәрібаевтың жас ғалым, қоғам қайраткері ретіндегі қалыптасу кезеңі қоғамдық өмір қайнаған КСРО астанасындағы “жылымық” жылдарда өтті.

1964 жылы К.Нәрібаев “Механизациялау жағдайында есептеудің қазіргі формаларының дамуы” деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, Қазақ мемлекеттік университетінен енші алып бөлек отау тіккен, өзі аға оқытушы, кейінірек доцент, сонан соң есептеу техникасы кафедрасының меңгерушісі, декан, проректор болып 12 жыл қызмет істеген Алматы халық шаруашылығы институтына жолдама алады. 1965 жылы ол экономикалық - есептеу факультетінің деканы, 1972 жылы институттың ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры болып тағайындалады.

Институтта қызмет істеген кездерінде К.Н.Нәрібаев оқу жүйесі мен ғылыми зерттеу жұмыстарын салаластырудың ұтымды ұйымдастырушысы, жоғары дәрежелі ұстаз тәрбиеші ретінде өзін ерекше таныта білді. Өндірістегі тәжірибе мен теорияны тиімді ұштастырып, өзінің ғылыми дәрежесі мен ұстаздық шеберлігін үнемі дамытып, жоғары деңгейде сапалы сабақ өткізетін ғалымның лекциясы мен семинар сабақтары студенттерді тек қызықтырып қана қоймай, олардың білімге, ғылымға деген ықылас ынтасын анағұрлым арттыра түседі.

К.Н. Нәрібаев АСУ және бухгалтердік есеп курсы бойынша бірнеше методикалық оқу құралын жазды. Өндірістегі есептеу мен қадағалауға, басқару мәселелеріне байланысты терең танымды зерттеулер жүргізіп, көптеген ғылыми еңбектер жариялады. “Есептік мәліметтерді өндеуді тұтастай механизациялау” (1969), “Есептік экономикалық мәліметтерді машиналық өндеу” (1971),

“Есеп және есептеу жұмыстарын механизациялау” (1971) және “Колхоздар мен совхоздарда есептеуді ұйымдастыру” (1971), т.б. ғылыми жұмыстары соның нақты дәлелі. Соңғы екі кітабы қазақ тілінде жарық көрді. Қазақ оқырмандары тұңғыш рет экономикалық ғылыми терминдермен ана тілімізде К.Н.Нәрібаев еңбектері арқылы танысты.

К.Н.Нәрібаев есеп және басқару ісі бойынша ғылыми еңбектерді ана тілімізде жазған алғашқы ғалымдардың бірі, оның еңбектерінде есептеу теориясы, есептеу мен басқаруды механикаландыру мен автоматтандырудың принциптері, бақылау мен тексерудің негіздері, АСУ және басқа да көптеген экономикалық мәселелерді ұйымдастыру жағдайы алғаш рет қазақ тілінде баяндалды. Профессор К.Н.Нәрібаев мемлекеттік тілде 6 кітап, 3 кітапша және 25 тен аса мақалалар жариялады.

Мұнымен бірге К.Н.Нәрібаев қоғамдық саяси өмірге белсене араласады, алдымен ол Алматы халық шаруашылығы институты комсомол комитетінің секретары болып сайланады. 1970 жылы институттың экономикалық есептеу факультетінің партия ұйымының хатшысы, 1975 жылы Алматы қаласының Калинин аудандық “Білім” қоғамының төрағасы болады.

1973-1974 жылдары К.Н.Нәрібаев Америка Құрама Штаттарында ғылыми тәжірибе жинақтайды. Белгілі ғылыми орталықтар мен Принстон, Флорида, Нью-Йорк университеттерінде болып, есептеу мен басқару қызметтерін автоматизациялау мен ұйымдастыруды жетілдіру саласында америкалық тәжірибемен терен танысады. К. Нәрібаевтың бірқатар еңбектері осындай тәжірибелерді түбегейлі талдау мен пайымдауға арналған. Олардың ішінен Москвада басылып шыққан “АҚШ-та бухгалтерлік есепті ұйымдастыру” (1979), “АСУ

жағдайында есептеудің ұйымдастырылуы мен методологиясы” (1983),” КСРО мен АҚШ та есептеудің қазіргі дамуының басты тенденциялары” (1978), “Өндірісті басқаруды ұйымдастыруда электронды есептеу машиналарын қолданудағы шетелдік тәжірибе” (1976) тәрізді монография мен зерттеу еңбектерін атап айтуға болар еді.

К.Н.Нәрібаев есептеу және басқарушы кадрларды дайындау саласында алдыңғы қатарлы шет елдердің тәжірибесін зерттеп насихаттауға көп көңіл бөледі. Оның қызметіндегі бұл бағыт АҚШ та тәжірибе жинақтауда болған жылдардан кейін аса нәтижелі сипат алды.

1976 жылы К.Н.Нәрібаевты ұйымдастыру мен басқару, білім беру саласындағы аса ірі маман ретінде Қазақ КСР - нің Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне министрдің орынбасары қызметіне шақырады. Бұл жаңа жауапты қызметте тың серпін, үлкен қажыр-қайрат, күшті ерік - жігер қажет еді. Осы тұрғыда ол өзін байсалды басшы, талантты ұйымдастырушы, халық шаруашылығының білікті жетекшісі ретінде көрсете білді.

1980 жылы ол Москва қаржы (финанс) институтының мамандандырылған ғылыми кеңесінде “Есептеу мен басқаруды есептеу техникасын қолдану арқылы ұйымдастыруды жетілдіру (КСРО мен АҚШ тәжірибелері)” деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды.

1981 жылы 6 ақпанда КСРО-ның Жоғары аттестациялық комиссиясы К.Н.Нәрібаевқа экономика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін, 1982 жылдың 10 желтоқсанында профессор ғылыми атағын береді.

Жоғары білім саласына сіңірген айрықша еңбегі үшін 1981 жылы профессор К.Н.Нәрібаев “Құрмет белгісі”

орденімен марапатталады.

К.Н.Нәрібаевтың ғалым ретінде қалыптасып, кемелденуі көрнекті ғылым және техника қайраткерлері, Қазақ КСР ғылым академиясының академиктері, белгілі ғалымдар С.Б.Бәйішев, Т.А.Әшімбаев, Я.А. Әубәкіров, профессорлар С.А.Нейштадт, И.М.Бровер, М.М.Розманов, М.Е.Бутин, Т.Ш.Шаукенбаев, Д.К.Қабдиев, В.Н.Пуриц, т.б. ғалымдар негізін қалаған ғылыми мектеп ықпалында өтті. Оның ғылыми бағыты мен нысана-тұрғысының қалыптасуына көрнекті академиктер Л.И.Абалкин, А.Г. Аганбегян, Т.С.Хачатуров, профессорлар В.И.Исаков, В.С.Рожнов, С.К.Татур, А.С.Маргулис секілді ірі ғұламалардың көп игі әсері болды.

1983 жылы К.Н. Нәрібаев Республикамыздың Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне министр болып тағайындалады. Мұндағы мазмұнды 12 жылғы еңбегі профессор К.Н.Нәрібаевтың тағы да тамаша талант қырларын көрсетті. Ол Қазақстанның білім беру жүйесін кеңейтіп, ғылыми потенциалын дамыту жолында елеулі еңбек етті. Республикаға ауадай қажет болған мамандықтар мен жаңа оқу ордаларын ашуға тікелей жетекшілік жасады. Алматы мемлекеттік театр және көркемөнер институты, Рудный индустриалды институты, Қостанай ауылшаруашылығы институты, Семей ет және сүт өндірісінің технологиялық институты, т.б. техникумдар мен училищелер соның нақты нәтижесі.

Бұл жылдары жоғары білікті ғылыми-педагогикалық және ғылым мамандарын дайындау үшін аспирантура мен докторантура жүйесі анағұрлым ұлғайтылды. Сондай-ақ қазақстандық жас ғалымдарды одақтың ірі оқу ордаларына аспирантураға жіберу жоспарын ұлғайтуда да К.Н.Нәрібаев еңбегінің зор болғанын атап айту парыз.

К.Н.Нәрібаев Республика жоғары оқу ордасының

басшысы, ұйымдастырушысы ғана емес, Қазақстан жоғары білім жүйесінің теориялық және методологиялық мәселелерінің зерделі зерттеушісі де. Бұл салада оның 120 баспа табақтан асатын 50-ге тарта ғылыми жұмыстары бар. К.Н.Нәрібаевтың докторлық диссертациясының бірсыпыра бөлігі елімізде экономика мамандарын дайындауды жақсарту, олардың оқу жоспарларын жетілдіру мәселелеріне арналған.

Осы аталған мәселелер бойынша ғалымның барлық басты ұсыныстары КСРО Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінен қолдау тауып, барлық экономикалық жоғары білім мен факультеттерде пайдаланылуға ұсынылды. Профессор К.Н. Нәрібаев газет-журнал беттерінде жиі көрінумен бірге, республикалық, бүкілодақтық және халықаралық ғылыми және методикалық конференцияларға тұрақты қатысып келеді. 1977 жылдың тамыз айында ол Қазақ КСР-нің делегациясын Индияға бастап барды, 1982 жылдың қыркүйек айында Югославияның Сараево қаласында өткізілген “Қазақстан” көрмесіне қатысты. 1984 жылдың ақпан айында ол КСРО Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің делегациясына жетекшілік етіп Кампучияға барып қайтты. 1985 жылдың жазында Францияда білімді демократияландыру мәселелері жөнінде өткен ЮНЕСКО ның симпозиумына қатысып, онда ағылшын тілінде үлкен баяндама жасады.

1987 жылдан 1990 жылға дейін профессор К.Нәрібаев Қазақ КСР Ғылым академиясының экономика институтында жетекші ғылыми қызметкер, халық шаруашылығын басқару мәселелері бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды.

1990 жылы ол Қазақ КСР Министрлер Советінің экономикалық реформа жөніндегі Мемлекеттік

Комиссиясы Председателінің орынбасары болып тағайындалады.

Республика экономикасында қайта құрудың дүбірлі кезеңі қызу жүріп жатты. Қазақстан нарық жолында қаз басып, қадам жасай бастады. Уақыт жаңа да тың өзгерістерді талап етті. Халық шаруашылығы мен экономикасына соны серпіліс, ізгі істер қажет болды. Міне, осы тұста профессор К.Н.Нәрібаев экономиканы басқаруды түбірлі өзгертіп, қайта құру мәселелерін зерттеп, жаңа нарық қатынасына көшудің жоба-жолдарын анықтады. Оның ұсынған ой-пікірлері мен тұжырым-тәжірибелері нарыққа көшу туралы республикалық бағдарламаның негізіне айналды. Дәлірек айтқанда, республикадағы түбірлі экономикалық өзгерістердің негізгі шарттарын іске асыру, экономикалық кадрлар, шаруашылық басшылары мен мамандардың кәсіптік деңгейін арттыру мен дайындау мәселелеріне баса назар аударды.

К.Н.Нәрібаевтың экономикалық реформа комиссиясы құрамындағы белсенді де жемісті жұмысы оның 1991 жылы басқа қызметке ауысуына байланысты тоқтап қалды.

Сексенінші жылдардың соңында ҚазМУ коллективіндегі моральдық - психологиялық жағдайды жақсарту қажеттігіне байланысты республика басшыларының алдында университетке лайықты басшы тандау міндеті тұрды. Ректорлық қызметке тәжірибелі ұстаз, ұйымдастыру қабілеті жоғары, жоғары білім жағдайын жетік білетін, ғылым әлемінде өз биігі, беделі бар, үлкен парасаттың, жоғары мәдениеттің адамы қажет болды. Бұл талапқа қай қырынан алғанда да даусыз сай келетін К.Н.Нәрібаевқа үлкен сенім артылып, университетті басқарудың жоғары жауапкершілігі жүктелді.

Арада өткен жеті жыл жемісті болды. Университет ішінде басқару мен ұйымдастырудың айрықша, кірпияз әдістерін талап ететін К.Н.Нәрібаев ректор ретінде өз қызметінің түбегейлі мұратын, ағымдағы мақсаттары мен әдіс-тәсілдерін дұрыс анықтады. Соның нәтижесінде басты мақсат ойдағыдай орындалды: барды ұқсатып, бұрыннан жалғасып келе жатқан озық дәстүрлер мен ірі табыстарды байытып қана қоймай, студенттер мен қызметкерлердің, оқытушылардың мазмұнды да мағыналы шығармашылық еңбегін жандандыратын, басқару және ұйымдастыру тетіктерін жаңартуға жол ашатын баянды да салауатты өмір салты орнықты.

Ректор К.Нәрібаев білім жүйесі қоғам деңгейінің айнадағыдай көрінісі екенін, әлеуметтік өзгерістер кезінде университеттік білім жүйесін түбірінен қайта құру қажет екенін жете түсінді. Реформа жасау қажеттілігін ректор қоғамдағы өзгеріп жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдай мен талаптарға білім беру ісін сәйкестендірумен тығыз байланыстырды. Білім жүйесінің биік белесте болуы мемлекеттің жақсы жағдайының салдары емес, себебі болғандықтан, университетте білім реформасын қарқынды, бірақ жүйелі, сатылы түрде жүргізу міндеті қойылды.

Университеттік білім реформасының түбірлі кезеңдерін ректор ұштаған түрінде белгіледі: тыныстау - өзгерту өркендету. Жоғары білім жүйесіне тыныс берудің өзі үлкен мәселе болып жатқанда, оны өзгерту мен өркендету идеялары білім жүйесіндегі қуатты қозғаушы күшке айналатынын ол кезде ешкім де болжай алмаған еді. Бірақ К.Н.Нәрібаев ректор ретінде де, жоғары білім саласындағы ірі маман ретінде де Қазақстан Республикасының әлеуметтік экономикалық құрылымындағы өзгерістердің білім беру жүйесіне қойылатын талаптардың да түбегейлі жаңаруына алып

келетініне, ал оны бәрібір қабылдауға тура келетініне университет ұжымын иландыра білді.

Мұндай жағдайда өзгерістер жасамайынша тыныстау да, өркендеу де мүмкін емес еді. Тыныстау, өзгерістер мен өркендеу жоғары білім жүйесін сақтап қалудың бірден-бір жолы екендігі туралы берік ұғым К.Нәрібаевтың ректорлық іс-әрекетінің негізгі тұрғысы болды.

1993 жылы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қаулысымен әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетіне автономиялық мәртебе (статус) берілуі университеттік білімді реформалау саласындағы қуатты түрткі болды.

Өз алдына дербес оқу орны болу құқығы мен мәртебесін университет басшылығы нарықтық экономика мен халықаралық интеграция жағдайындағы нақты мүмкіндіктер мен қажеттіліктерді ескере отырып, университеттік білімнің ең тиімді моделін қалыптастыру мақсатына дұрыс жұмсай білді және бұл қадам өзін-өзі ақтап шықты.

ҚазМУ-дың тек өзіне ғана тән арнайы мүддесі, өз парызы, өзінің әлеуметтік сұраныс шеңбері, жас тәуелсіз мемлекет алдында өзінің ерекше міндеті мен қызметі бар екенін ескере отырып, университеттің Ғылыми кеңесі “Университеттік білімді дамыту Концепциясын” (1993) қабылдады, мұнда өзін-өзі дамыту және таныту жағдайында ғана іске асатын өзара тығыз байланысты басты тұғырлы міндеттер анықталды.

Еш талас тудырмайтын жетістіктің бірі университеттік білімі бар маман даярлаудағы басымдықтардың елеулі өзгеріске ұшырауы болды, дәлірек айтқанда, университеттің интеллектуалдық қызметтің мүлде жаңа белесіне көтерілуі еді. Жаңашыл ректор оқу ісінің мазмұны мен маңыздылығына, қазіргі технология мен

басқарудың автоматтандырылған жүйесі саласындағы жаңалықтарды өз іс - тәжірибесінде кеңінен қолданып өндіріске енгізуге үлкен мән береді. Жоғары білім берудің сыннан өткен әлемдік стандарттары бұл ретте басты бағдар қызметін атқарды. Ректордың және бүкіл ұжымның реформаторлық іс - қимыл нәтижесінде қазір университет оқу және ғылыми зерттеу құрылымдары өзара тығыз байланыста, табиғи біртұтас бірлікте қызмет атқаратын тұтас кешенге айналып отыр. Бұрын бас-басына бөлек отау тігіп, бір-бірінен алшақ, жеке-дара қызмет атқарып келген зерттеу лабораториялары бұл күндері 6 ғылыми-зерттеу институты құрамында шоғырланды. Олар:

жаңа химиялық технология мен материалдар;

биология мен биотехнология;

экология проблемасы;

теориялық және экспериментальдық физика;

математика мен механика;

мұнай өндіру институттары.

Ғылым мен білімнің тоғысуы мен тоқайласуы, осылайша, К.Н.Нәрібаевтың ректорлық қызметіндегі басымдықтардың біріне айналды.

Уақыт талабына сәйкес жаңа мамандықтар ашылды, мұның өзі университетте бұрыннан келе жатқан кейбір кафедраларды қайта құруға, жаңа кафедралардың ашылуына алып келді. Университет мемлекет қажеттілігі мен сұранысына тікелей бет бұрды. Сөйтіп, халықаралық қатынас және құқық, халықаралық журналистика, халықаралық экономикалық қатынас, менеджмент, маркетинг, мемлекеттік жүйелеу және экономикалық басқару, іскерліктегі информациялық тетік, экология, туризм, медициналық биология және басқа жаңа салаларда білікті мамандар даярлана бастады. Жоғары білімді мамандар даярлау ісі екі сатылы жүйе бойынша жүргізілетін

болды бакалавриат және магистратура.

Университет ректоры К. Н. Нәрібаевтың бастамасымен республикада тұңғыш рет студенттер білімін бағалаудың шетелдік және отандық оқу орындарының іс-тәжірибелері негізінде жасалған рейтинг жүйесі енгізілді. Сонымен бірге студенттердің білімі мен білігін бақылаудың тесттік тәсілдері де университеттегі оқу ісіне енгізілген жаналықтардың бірі болып табылады. Кафедраны, факультетті аттестациядан өткізу жұмыстары жолға қойылды. Оқу процессін компьютерлендіру университеттің Ғылыми кеңесі қабылдаған “Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде ақпараттандыру концепциясы” аясында жүргізілуде. Университет әлемдік “Интернет” компьютерлік жүйесімен жалғастырылды.

Университет ректоры К. Н. Нәрібаевтың бастамасымен және қолдауымен ҚазМУ әлемнің көптеген елдерінің оқу орындарымен ғылыми және іскерлік қарым-қатынастарын кеңейтіп, нығайтуға қол жеткізді. Тікелей ректордың басшылығымен және Әлемдік Банктың қолдауымен университет жанынан нарық қатынасы саласында басшы қызметкерлер мен мамандар даярлау орталығы ашылды. Орталық тындаушылары университетте теориялық білім алып, оқуды Вашингтондағы Әлемдік Банк негізінде толық бітіріп қайтады. Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті Халықаралық университеттер Ассоциациясы (МАУ) мен Евразия университеттері Ассоциациясының мүшелігіне қабылданған Қазақстандағы тұңғыш және бірден-бір жоғары оқу орны. 1995 жылдың маусым айында ҚазМУ Орталық Азия және Европа университеттерінің халықаралық байланыс жүйесін жасаудың қолдаушысы және құрылтайшысы болып бастама көтерді. Бұл да ректордың тағы бір ризалық сезіммен атап айтар еңбегі еді.

“Қазақ университеті” баспасын ашып, оның жұмысын жолға қою, кітап қорының молаюы мен оқу процессін ақпаратпен қамтамасыз етуді жақсарту, университетті компьютерлік техникамен, байланыс, көшірме құралдармен жарақтандыру, сондай-ақ университеттің инфрақұрылымдарын қолдау ісінде де ректор үлкен күш-жігер жұмсады. Республикада бірінші Студенттер Сарайы құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

Оқу ордасының басшысы ретінде К.Н.Нәрібаев әрбір коллектив мүшесінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына ерекше мән беріп отырады. Студенттен бастап профессорға дейін материалдық жағдай жасап, олардың тұрмыстық хал-ахуалын жақсартуға қол ұшын беруден аянған емес. Оны университет коллективі түгел біледі және үлкен құрмет сезімімен ардақ тұтады. Университеттің ректорат, факультет, кафедра және басқа да салаларында жұмыс белгілі бір жүйеге, мақсатты бағытқа негізделген. Шешуін таппай шиеленіскен, дағдарып, киналатын жағдай жоқтың қасы. Осы ретте жұртты іске жұмылдырып, жұмыс талап ете білетін ректордың қоғам, адам, мемлекет игілігі үшін күн-түн демей еңбек етіп, уақытын, ақыл-ойы мен күш-жігерін түгел жұмсайтын азаматтығын да атап көрсету абзал. Коллективпен қоян-қолтық араласа жүріп, барлық істі баянды шешіп отыру оның басты мұраты. Сабырлы, сергек, әрбір істі әділ, байыбына барып, ақылмен, парасатпен жүзеге асыратын үлкен жүректі басшыны жұртшылық та жақсы көреді.

Бұл күндері Көпжасар Нәрібайұлы Нәрібаевтың шәкірттері экономиканың барлық саласында, жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінде жемісті еңбектенуде. Оның жетекшілік етуімен 1 докторлық, 16 кандидаттық диссертация қорғалды. Бір кездері Көпжасар Нәрібайұлынан кеңес алған, лекция тындаған, тәлім алған

жүздеген белгілі экономистер мен басшылар қазіргі таңда ел дәулетін арттыру жолында аянбай қызмет етіп жүр.

1991 жылы К.Н.Нәрібаев (ВАК) Жоғары Аттестациялық Комиссия Президиумына (қазіргі ДАНК) мүше болып сайланды.

1994 жылы экономика ғылымының докторы, профессор К.Нәрібаев Республика Ұлттық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды.

1994 жылы ол Халықаралық Жоғары мектеп Ғылым академиясының академигі (Москва), 1995 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп Ғылым академиясының академигі (Алматы), 1996 жылы Украина экономикалық Ғылым академиясының академигі (Киев) болып сайланды.

Қазіргі таңда профессор К.Н.Нәрібаев - экономиканы басқару мен экономикалық білім беру саласында республикадағы аса көрнекті ғалым. Ғалымның жалпы көлемі 300 баспа табақтан тұратын 160 тай зерттеу еңбектері жарық көрді. Оның 17-і кітап пен монография, 12-і кітапша және 100-ге жуығы ғылыми мақалалар мен баяндамалар. Таяу және алыс шетелдерде автордың 4 кітабы, 15 мақаласы жарық көрді, екі еңбегі Америкада, біраз жұмысы Германияда және Франция мен Ұлыбританияда шетел тілдерінде басылып шықты.

Көпжасар Нәрібайұлы Нәрібаев Америкада (1974, 1994), Египетте (1992), Жапонияда (1993), Францияда (1985, 1993), Германияда (1994), Италияда (1995), Индияда (1995), Туркияда (1996), Таиландта (1997) болып өткен халықаралық конференция мен симпозиум, семинарларға белсені қатысып, экономиканы жандандыру мен жоғары білім жүйелерін жетілдірудің маңызды мәселелері бойынша баяндамалар жасады.

К.Н. Нәрібаев Қазақ энциклопедиясын жасауға да елеулі үлес қосты. Ол жоғары және арнаулы орта білім

беру және экономика мәселелері туралы мақалалардың авторы және энциклопедия редакциясының кеңесшісі болып табылады.

Экономиканы басқаруды жетілдіру мәселелеріне 10 ірі зерттеу және 30 - дан астам ғылыми мақалалар арнады. Ғалымның “Өндірісті басқару негіздері”, “Менеджмент” (орыс және қазақ тілдерінде) секілді кітаптары жоғары оқу орындарының экономикалық мамандықтар бойынша оқитын студенттері үшін қолдан түспес оқу құралдарына айналды.

1996 жылы жоғары білімді, оның ішінде экономикалық білімді дамытуға сіңірген ерен еңбегі мен белсенді қоғамдық қайраткерлігі үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының мүше - корреспонденті, экономика ғылымдарының докторы, профессор К.Н.Нәрібаевқа “Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері” құрметті атағы берілді.

Әкімшілік істі үлкен зерттеу жұмыстармен ұтымды ұштастырып отырған профессор К.Н.Нәрібаев аты республикаға ғана емес, одан тыс жатқан елдерде де экономика ғылымын болашағы зор жаңа ғылыми бағыттармен байытқан ірі ғалым ретінде белгілі. Оның ғылыми-зерттеу еңбегі сан салалы. Жарық көрген еңбектер сипатына қарай олардың мынадай бағыттарын атап көрсетуге болады:

біріншіден, есеп ақпараттарын өндеуді тұтастай механикаландырудың мәселелері және өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйесін ұйымдастыру, АСУ жағдайында есептеу методологиясы мен оны ұйымдастыру мәселелері;

екіншіден, ауыл шаруашылық кәсіпорындарында басқару мен есептеуді есептеу техникасы мен компьютерлендіру негізінде ұйымдастыру;

үшіншіден, өндірісті басқарудың тәсілдері мен жүйесін жетілдіру, өндірісті басқару мен есеп жүргізу саласында кеңес беру ісін ұйымдастыру және есептеу мамандарын дайындауды жақсарту;

төртіншіден, электронды есептеу машинасын қолдануға байланысты есептеудің ұйымдастыру және методологиялық мәселелері, шетелдік тәжірибенің ең ілгерішіл тұстарын оқып-үйреніп, пайдалануға ұсыну;

бесіншіден, экономиканы жоғары деңгейде басқару құрылымдарын қайта құрудың ұйымдық негіздері;

қазақстанның салааралық және аймақаралық байланыстарын дамыту, Қазақстанда нарықтық экономиканың қалыптасу мәселелері мен басты даму жолдары;

алтыншыдан, студент жастарды оқыту және тәрбиелеу мәселелері;

жетіншіден, Қазақстан Республикасында жоғары білімнің, әсіресе университеттік білімнің даму бағыттары, сондай-ақ оны реформалаудың тиімділік мәселелері; әлемдік білім беру жүйесімен тоғысу арналары;

автономиялық университеттің қалыптасу және даму жолдары.

К.Н.Нәрібаевтың негізгі ғылыми тұжырымдары мен ұсыныстары басқару ұйымдары мен мекемелерінің нарықты экономикаға көшу жағдайындағы заңдары мен басқа да ресми құжаттарын жасау барысында кеңінен қолданылып отыр.

К.Н. Нәрібаев ұсынған теориялық тұжырымдар мен олардың іс жүзінде қолданылуы Қазақстан мен ТМД елдерінің ғана баспасөзінде емес, сонымен қатар алыс шетел басылымдарында да қызу қолдау тапты.

Жеті жыл бойы профессор К.Н.Нәрібаев Ұлыбритания, Германия, Египет, Иран, Қытай, Оңтүстік

Корея, Америка Құрама Штаттары, Франция, Жапония университеттері ассоциацияларымен ғылым мен білімге байланысты халықаралық келісім шарт жасасу ісінде Қазақстан жағының өкілі болып өнімді іс атқарып келеді.

К.Н. Нәрібаев әрқашан белсенді өмірлік нысанатұрғысымен дараланып, еліміздің қоғамдық-саяси өмірінің қалың ортасында жүреді. Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің (10 және 11- шақырылуы) депутаты, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне мүше (1986 – 1990) болып сайланды, ол 1994 жылдан бастап Қазақстан Республикасы үкіметі жанындағы Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлықтарын беру жөніндегі комитеттің президиум мүшесі, 1995 жылдан бастап Білім министрлігінің Қазақстан Республикасының қазіргі Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Білім комитетінің - коллегия мүшесі. 1996 жылы К.Н.Нәрібаев Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңестің және Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жоғары экономикалық кеңестің мүшесі болып тағайындалады. Осы кезден бастап ол - Қазақстан Республикасы - Ғылым академиясы қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімінің Бюро мүшесі.

Қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқаны үшін профессор К.Н.Нәрібаев "Қажырлы еңбегі үшін" ("За доблестный труд") медалімен және "Құрмет белгісі" орденімен, сондай-ақ Монғолия медалімен, көптеген республикалық, бүкілодақтық құрмет грамоталарымен марапатталды.

Профессор К.Н.Нәрібаев қызмет барысында өзіне және айналасындағыларға талабы күшті басшы, аса білікті, терең зиялы, ұйымдастырушылық қабілеті

айрықша жоғары жан ретінде көріне білді. Оның бойында іскерлік пен өз жұмысын ынталылықпен атқару қабілеті, қайсар табандылық пен жоғары жауапкершілік сезімі, қол астындағыларға түсіністікпен, жанашырлықпен қарау, қарапайымдылық, адалдық сияқты тамаша адамгершілік қасиеттер жинақталған.

К.Н. Нәрібаевтың бұлжымас ережесі бар: өзіне ешқандай артықшылық, жеңілдік бермеу. Оның өмірде қолы жеткен табысының бәрі де өз талантының, табанды еңбегінің нәтижесі екенін қоғам мойындап, лайықты бағасын берді.

Халықта: “Не ексең, соны орасың” деген сөз бар. Мінеки, К.Н.Нәрібаевтың өмірлік және шығармашылық жолын саралай келгенде, көзіміз жеткені - бүгінгі мерейтой иесі бүкіл ғұмырын арнап, мүлтіксіз еңбек етіп келе жатқан мемлекетіміздің білім алқабы өз өнімін беріп тұр.

*Әубәкіров Я.Ә., э.ғ.д., профессор, ҚР ҒА академигі,
Жатқанбаев Е.Б. э.ғ.д., профессор,
Сармурзина А.Ғ х.ғ.д., профессор*

**Краткий очерк о научной, педагогической,
научно-организационной и общественной
деятельности ректора КазГУ имени
аль-Фараби, члена-корреспондента
Национальной Академии наук
Республики Казахстан, доктора
экономических наук, профессора
НАРИБАЕВА КУПЖАСАРА НАРИБАЕВИЧА**

Недалеко от древнего Тараза 3 июня 1938 года в селе Бектобе Жамбылского района Жамбылской области в семье Нарибая и Бубукул родился сын.

Детство Копжасара пришлось на суровые военные годы, когда женщины казахских аулов в невероятно тяжелых условиях растили своих детей, снабжали фронт продуктами питания, страдали и тосковали. На глазах маленького мальчика проходили эти картины жизни, о которых позднее написал в своей повести великий Чингиз Айтматов. Маленький Копжасар уже с детства видел доброту и широкую натуру казахов, которые недоедали сами, но делились последним куском хлеба с переселенцами из далеких земель Украины, Белоруссии, России, Кавказа.

Все эти картины реальной жизни не могли не отразиться на чертах характера подрастающего мальчика. Доброта, порядочность, честность, скромность, способность вникать в проблемы окружающих людей эти качества впитались в ребенка с молоком матери.

Детские годы Копжасара пришлось на конец Великой

Отечественной войны. Школьные годы на годы восстановления разрушенного после войны хозяйства, когда жестко регламентировался порядок жизни. Копжасар Нармбаев заканчивает в 1952 году семилетнюю школу в с.Кзыл-Шарык Жамбылского района Жамбылской области, а в 1955 среднюю школу в г.Жамбыле (ныне г.Тараз).

Семнадцатилетний юноша поступает в Казахский Государственный университет им.С.М.Кирова. Этот период совпал с уходом сталинских порядков и потеплением внутренней общественно-политической жизни страны, освобождением личности человека. Скромность и застенчивость юноши из далекого казахского селения постепенно обогащается широтой и свободой мышления.

В 1960 году К.Нармбаев успешно заканчивает экономический факультет и получает специальность экономиста.

Отличная учеба, склонность к научно-исследовательской работе, активное участие в общественной жизни определили дальнейший выбор молодого выпускника университета. Сразу же после окончания КазГУ в сентябре 1960 года по рекомендации университетской кафедры планирования и учета народного хозяйства он поступает в аспирантуру Московского финансового института.

Начало 60-х. Бурная общественная жизнь столицы СССР времен “оттепели” стали годами становления Нармбаева К.Н. как молодого ученого и начинающего общественного деятеля. В 1964 году Нармбаев К. успешно защищает кандидатскую диссертацию по теме “Развитие современных форм учета в условиях его механизации” и получает направление в Алма-Атинский институт

народного хозяйства, созданный на базе экономического факультета Казахского государственного университета.

В АИНХ он работал в течение 12 лет: сначала на должности старшего преподавателя, затем доцента и заведующего кафедрой вычислительной техники. В 1965 году он был назначен деканом учетно-экономического факультета, в 1972 — проректором по научной работе.

За время работы в институте Нармбаев К.Н. зарекомендовал себя как крупный организатор учебного процесса и научных исследований, как высококвалифицированный педагог — воспитатель. Нармбаев К.Н. умело сочетает теорию с практикой производства, учебные занятия ведет на высоком профессиональном уровне, постоянно работает над повышением научной квалификации и педагогического мастерства, является известным методистом. Читаемые им лекции и проводимые семинарские занятия проходили не просто интересно, они вдохновляли студентов, заставляя их творчески мыслить.

Нармбаев К.Н. разработал целый ряд учебно-методических пособий по курсам бухгалтерский учет и АСУ, осуществил глубокие исследования по проблемам управления, учета и контроля над производством, по результатам которых опубликованы научные труды: “Комплексная механизация обработки учетной информации” (1969), “Машинная обработка учетно-экономической информации” (1971) и “Механизация учетно-вычислительных работ” (1971), “Организация учета в колхозах и совхозах” (1971). Последние две книги вышли на казахском языке. Так, именно в трактовке Нармбаева К.Н. казахский читатель впервые познакомился со многими научными терминами, экономическими категориями по этим отраслям науки. Он является одним

из первых ученых в создании научных трудов по учету и управлению на родном языке, впервые в его работах на казахском языке описаны учетная теория, принципы механизации и автоматизации учета и управления, основы ревизии и контроля, организация АСУ и ряд других экономических проблем. На государственном языке профессором Нармбаевым К.Н. опубликовано 6 книг, 3 брошюры и более 25 статей. Одновременно К.Н. Нармбаев ведет активную общественно-политическую жизнь: сначала он избирается секретарем комитета комсомола АИНХ, в 1970 г. - секретарем партийной организации учетно-экономического факультета, в 1975г.- Председателем Калининского районного Общества “Знание” г.Алма-Аты.

В 1973-74 годах Нармбаев К.Н. проходит научную стажировку в США. В известных научных центрах и крупных университетах, таких как Принстонский, Флоридский, Нью-Йоркский университеты, он изучает американский опыт по совершенствованию организации, автоматизации учетной и управленческой служб. Ряд научных публикаций Нармбаева К.Н. посвящены тщательному анализу и рекомендациям по этому опыту.

Основными из них являются: монографии “Организация бухгалтерского учета в США” (1979) и “Организация и методология учета в условиях АСУ” (1983), изданные в Москве; “Основные тенденции современного развития учета в СССР и США” (1978), “Зарубежный опыт применения ЭВМ в организации управления производством” (1976), статьи, опубликованные в республиканских изданиях.

Много внимания уделяет Нармбаев К.Н. изучению и пропаганде передового зарубежного опыта в области управления, учета и подготовки управленческих кадров.

Особенно плодотворно это направление в его деятельности стало развиваться после стажировки в США.

В 1976 году Нармбаева К.Н. приглашают как крупного специалиста в области высшего образования на работу в Министерство высшего и среднего специального образования КазССР на должность заместителя министра. Это время новых инициатив, всплеска новых сил, энергии, проявления себя как талантливого руководителя, умелого организатора крупного народнохозяйственного звена.

В 1980 году он защищает диссертацию на специализированном ученом совете Московского финансового института на соискание ученой степени доктора экономических наук на тему: "Совершенствование организации учета и управления с использованием вычислительной техники (опыт СССР и США)"

ВАК СССР присуждает Нармбаеву К.Н. 6 февраля 1981 года ученую степень доктора экономических наук, а 10 декабря 1982 года ученое звание профессор.

За особые заслуги в области высшего образования в 1981 году профессор Нармбаев К.Н. награждается орденом "Знак почта"

Формирование Нармбаева К.Н. как ученого проходило под влиянием широко известных научных школ заслуженных деятелей науки и техники, академиков АН КазССР Баишева С.Б., Ашимбаева Т.А., Аубакирова Я.А., профессоров Нейштадта С.А., Бровера И.М., Розманова М.М., Бутина М.Е., Шаукумбаева Т.Ш., Кабдиева Д.К., Пурица В.Н. и других. На формирование его научных интересов и жизненной позиции оказали большое влияние выдающиеся академики: Абалкин Л.И., Аганбегян А.Г., Хачатуров Т.С.; профессора: Исаков В.И., Рожнов В.С., Татур С.К., Маргулис А.С.

В 1983 году Нармбаева К.Н. назначают на пост

министра высшего и среднего специального образования республики. За 12 лет работы в Минвузе профессор Нармбаев К.Н. много сделал для расширения сети и увеличения образовательного потенциала Казахстана, был инициатором открытия ряда новых вузов и специальностей, в которых остро нуждалась республика. Это Алма-Атинский государственный театрально-художественный институт, Рудненский индустриальный институт, Кустанайский сельскохозяйственный институт, Семипалатинский технологический институт мясной и молочной промышленности и значительное количество техникумов и училищ.

За эти годы существенно расширилась сеть аспирантуры и докторантуры для подготовки высококвалифицированных научных и научно-педагогических кадров для республики. Благодаря усилиям Нармбаева К.Н. значительно увеличился план направления молодых ученых Казахстана в целевую аспирантуру и докторантуру ведущих вузов Союза.

Нармбаев К.Н. не только руководитель и организатор высшей школы в республике, но и крупный исследователь теоретических и методических проблем высшего образования в Казахстане. Совершенствованию системы высшего образования он посвятил более 50 научных работ объемом 120 печатных листов. Частью исследования в докторской диссертации Нармбаева К.Н. стала и проблема улучшения подготовки экономических кадров в стране и совершенствование учебных планов обучения экономистов. Все его предложения по этому вопросу были в свое время приняты Минвузом СССР и рекомендованы для использования всем экономическим вузам и факультетам в масштабе Союза.

